

## **"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 маусым 1994 ж. N 666

Шаруашылық және басқару функцияларын бөлу, телекоммуникациялар кәсіпорындарын басқару құрылымдарын одан әрі жетілдіру, телекоммуникациялар желілерін жаңартудың ірі бағдарламаларын жүзеге асыру, меншікті қаржы ресурстарын шоғырландыру, шет ел инвестицияларын тарту мақсатымен және "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 13 маусымдағы N 1731 U941731\_ Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жүйесінің қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындары, акционерлік қоғамдары мен телекоммуникация ұйымдары құрамына кіретін "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

Компанияның:

өз құрамына кіретін телекоммуникация кәсіпорындарының халықаралық міндеттемелерінің құқылық мұрагері болып табылады;

өз құрамына кіретін кәсіпорындары мен ұйымдарға қажетті құрылымдық өзгерістер енгізуге құқығы бар деп белгіленсін.

Компанияның атқарушы аппаратының тұратын жері Алматы қаласы деп анықталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Компанияның мемлекеттік және мүліктік кешенін қалыптастыру жөнінде жұмыс жүргізіп, бір ай мерзім ішінде құрылтай құжаттарын әзірлесін.

Компанияның құрамына кіретін кәсіпорындардың мемлекеттік мүлкін және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін басқару, иелену және пайдалану құқығын, ал мемлекеттік кәсіпорындардың акционерлік қоғам болып қайта құрылуына қарай Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында анықталған тәртіп бойынша акциялардың мемлекеттік пакетін басқару, иемдену және пайдалану құқығын оған табыстайтын болсын.

Компанияның басшыларын тағайындау және бекіту "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысында анықталған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

3. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясына:

телекоммуникациялардың ұлттық операторы функциясын атқару, басқа елдердің телекоммуникация операторларымен өзара қарым-қатынастар жасау;

Қазақстан Республикасының осы заманғы техникалық құралдар мен телекоммуникация қызметтеріне деген қажетін қамтамасыз ету;

барлық байланыс түрінің желісін пайдалану, жоспарлау, дамыту және басқару; телекоммуникация кәсіпорындарында кадрларды қайта даярлаудың тиімді жүйесін құру жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясына оны қалыптастыруына қажетті көмек көрсетсін;

телекоммуникация саласында Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғауды және мемлекеттік саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін;

нарықты қалыптастыру мен дамытуға, телекоммуникация қызметінің монополияға қарсы саясатын жүргізуге, республиканың телекоммуникация құралдарына деген мемлекеттік мұқтажын уақтылы, сапалы қамтамасыз етуге жәрдемдесетін болсын;

телекоммуникация желісінің жұмыс істеуінің құқықтық және нормативтік тәртібін анықтайтын заңдық және өзге де нормативті актілердің, стандарттар мен нормалардың жобалары әзірленуін тездетсін.

5. 1994 жылдың соңына дейін пошта байланысы мемлекеттік қызметін телекоммуникация желісінің кәсіпорындары мен ұйымдарының табысын қайта бөлу есебінен ішінара дотациялау сақталсын, бұл үшін Компанияда орталықтандырылған шот ашылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 17 маусымдағы

№ 666 қаулысына қосымша

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың, акционерлік

қоғамдардың және ұйымдардың

Тізбесі

Алматы облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Алматы қаласы  
Ақмола облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Ақмола қаласы  
Ақтөбе облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Ақтөбе қаласы  
Атырау облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Атырау қаласы  
Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Өскемен қаласы  
Жамбыл облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Жамбыл қаласы  
Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Орал қаласы  
Қарағанды облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Қарағанды қаласы  
Қызылорда облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Қызылорда қаласы  
Көкшетау облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Көкшетау қаласы  
Қостанай облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Қостанай қаласы  
Маңғыстау облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Ақтау қаласы  
Павлодар облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Павлодар қаласы  
Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар  
кәсіпорны, Петропавл қаласы  
Семей облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны, Семей  
қаласы  
Талдықорған облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Талдықорған қаласы  
Торғай облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар кәсіпорны,  
Арқалық қаласы  
Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік телекоммуникациялар  
кәсіпорны, Шымкент қаласы  
Алматы қалалық "АЛТЕБА" телекоммуникациялар кәсіпорны, Алматы  
қаласы  
Ленинск қалалық байланыс торабы, Ленинск қаласы

№ 11 аумақтық өндірістік қалааралық байланыс және теледидар бірлестігі, Алматы қаласы

Республикалық радио және теледидар өндіріс бірлестігі, Алматы қаласы

Республикалық қалааралық халықаралық телефон станциясы, Алматы қаласы  
Республикалық телеграф, Алматы қаласы

Алматы радио-телевизиялық тарату стансасы, Алматы қаласы Республикалық ғарыштық байланыс орталығы, Алматы қаласы "Қазбайланыс ҒЖИ" институты, Алматы қаласы

Республикалық байланыс қызметкерлерінің біліктілігін көтеру институты, Алматы қаласы

"Арна-спринт" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"БеСет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы

"Арна" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Қазбайланыскомплект" республикалық мемлекеттік бірлестігі, Алматы қаласы

Республикалық радиоландыру орталығы, Алматы қаласы

Алматы электр байланысы техникумы, Алматы қаласы

Ақтөбе электр байланыс техникумы, Ақтөбе қаласы